

Көшірмелері:

Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының төрағасы  
Қайрат Мәмиге  
Астана қаласы, Д. Қонаев 39  
Қызылорда облыстық сотының  
Төрағасы Нұрышев К.Ж.  
Қызылорда қалалық сотының  
Төрағасы М. Еркінбековке  
Айтеке би 29  
Кульбаева Набира Бекзатовнадан,  
Шымкент қаласы, Қабанбай батыр

### А Л Ғ Ы С   Х А Т

2017 жылдың мамыр айында Қызылорда қалалық сотына, мені 12.04.2017 жылғы №191 ж/к –у жазалау туралы Қызылорда облыстық ішкі істер басқармасының міндетін атқарушы А. Ш. Мендіғалиевтің жұмыстан шығару жайлы бұйрығының күшін жойып, бұрынғы жұмысыма қайта орналастыру жайлы талап арыз бердім. Талап арызым судья **Жусупов Телжанға Куанышбековичке** түсті.

Судья Т. Жусупов менің талап арызым бойынша қозғалған азаматтық іс бойынша жан жақты егжей тегжейлі қарап, талапкер мен жауапкердің барлық дәлелдемелерді сотқа ұсынып, сұратуымыз бойынша қажетті құжаттарды сотқа тапсыруына ықпал етіп, екі жақты тең ұстап отырып азаматтық істі мұқият қарады. Жауапкер ОИД-ты Шиелі ауданындағы №127 маған бекітілген мектептен бірнеше куа алып келіп менің талабымның негізсіз екенін, бұйрықтың заңды екенін дәлелдеуге тырысты. Бірақ менің ұсынған құжаттарым бойынша мен талабымның заңды екеніне заң тұрғысынан әділ бағасын беріп менің талабым қанағаттандырылып, мен бұрынғы лауазымыма қайта орналастырылып, лажсыз бос жүрген күндеріме айлығым толығымен сот шешімімен өндірілді.

Бізде, халықтың арасында «соттар дұрыс шешім қабылдамайды, танысың болуы керек, болмаса ОИД-ның құрығы ұзын, олар соттармен келісіп қояды» деген алып қашпа сөздердің өтірік екеніне көзім жетті. **Әділдік бар екен !!!** Мен Жусупов Телжанға риза болдым, қазақтың таза, әділ, қара қылды қас жаратын баяғы билердің ұрпағы әлі күнге дейін бар екеніне. Сонымен бірге судья Т. Жусуповтың процессті жүргізуіне де қатты риза болдым.

Қазақстан Республикасының  
Жоғарғы Сотының  
11 10 17  
4310 2  
10/5

Өзім құқық қорғау органында жұмыс істегесін, мен өзім білемін – бізге бағаны халық береді. Процесстен жеңіп, жұмысыма қайта орналасқасын, барлығы «судья кім болды» деген сұраққа Жусупов Телжан дегенімде, барлық таныстарым «сенің бағың таудай екен, сен өте әділ, таза судьяға тап болыпсың, оның шығарған шешімдерін ешкім бұзбайды, себебі ол кісі өте тура, тек заңды шешім қабылдайды» деп судья жайлы жақсы пікірлер айтты. Адвокатым Г. Сарсенова да «талап арызымыз Т. Жусуповке түсті, бұл судья тек заңды басшылыққа алып шешім шығарады, уайымдама» дегені рас екен. Менің судья Жусупов Телжанға алғысым шексіз.

Сот шешіміне жауапкер Қызылорда ОИД-ты апелляциялық шағым беріп, апелляциялық алқада шағым 14 қыркүйек 2017 жылы каралып, апелляциялық алқа мүшелері – төрағалық етуші Шигамбаев А., судьялар Нурсейтов З., Жуынтаева С. бірінші саты сотының заңды негізді екенін бекітіп, 26 маусым 2017 жылғы судья Жусупов Телжанның шығарған шешімін күшінде қалдырды. Бұл кісілерге де көп рахмет айтқым келеді.

Сонымен сөзімді қорытындылай келе, Қызылорда қалалық сотының судьясы **Жусупов Телжанға Куанышбековичке** алғысымды айта келе, өзі жас болса да, өте сауатты, білімді судьяның осы бетінен қайтпай, адамгершілік, адамдық қағидаларды жоғары ұстанып, жұмысты табысты болып, абыройы арта берсін деп тілеп, менің осы алғыс хатымды бүкіл судьялар қауымына жариялауыңызды сұраймын.

Кульбаева Набира Бекзатовна

